



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-03 Ақпараттың құпиялылығын сақтау және мүдделер қақтығысының алдын алу

1.0 нұсқа | 1 / 4 бет

БЕКІТЕМІН

«Биологиялық қауіпсіздік
проблемаларының ғылыми-зерттеу
институты» ЖШС

Бас директоры

_____ Жугунисов К.Д.

« _____ » _____ 20__ ж.

**Ақпараттың құпиялылығын сақтау және мүдделер
қақтығысының алдын алу
SOP-03**

ҚАРАЛДЫ

Жергілікті биоэтика комиссиясының отырысында

№ ____ хаттама

« ____ » _____ 20__ ж.



Ақпараттың құпиялылығын сақтау және мүдделер қақтығысының алдын алу

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы стандартты операциялық рәсім Жергілікті биоэтика комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия, ЖБК) қызметі барысында ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысының алдын алу талаптарын белгілейді.

1.2. Осы SOP талаптары келесі тұлғаларға қолданылады:

– Комиссия мүшелеріне– Комиссия хатшысына;– Комиссия тартатын тәуелсіз сарапшыларға;

– зерттеулерді қарауға қатысатын өзге тұлғаларға.

1.3. Комиссия жұмысына қатысатын барлық тұлғалар құпиялылық талаптарын сақтауға және мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуге міндетті.

2. Ақпараттың құпиялылығы

2.1. Комиссия қарауына ұсынылған материалдар құпия ақпарат болып табылады.

2.2. Құпия ақпаратқа мыналар жатады:

– зерттеу протоколдары;

– ғылыми деректер және зерттеу нәтижелері;

– зерттеуге қатысушылардың дербес деректері;

– биологиялық материалдар туралы ақпарат;

– биологиялық агенттер туралы ақпарат;

– коммерциялық немесе ғылыми құпияны құрайтын мәліметтер.

2.3. Комиссия мүшелері және тартылған сарапшылар:

– алынған ақпаратты тек биоэтикалық сараптама мақсатында пайдалануға;

– ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

– ұсынылған материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2.4. Зерттеу материалдарын үшінші тұлғаларға беру тек Комиссияның шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.



3. Құпиялылық туралы міндеттеме

- 3.1. Комиссия мүшелері және Комиссия тартатын тәуелсіз сарапшылар құпиялылық талаптарын сақтау туралы жазбаша міндеттеме береді.
- 3.2. Құпиялылық туралы міндеттеме келесі жағдайларда рәсімделеді:
- тұлғаны Комиссия құрамына енгізу кезінде;
 - сарапшыны биоэтикалық сараптама жүргізуге тарту кезінде.
- 3.3. Қол қойылған құпиялылық туралы міндеттемелер Комиссияның құжаттар архивінде сақталады.

4. Мүдделер қақтығысы

- 4.1. Мүдделер қақтығысы тұлғаның жеке, кәсіби немесе қаржылық мүдделері зерттеуді қарау кезінде қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін жағдайда туындайды.
- 4.2. Мүдделер қақтығысы келесі жағдайларда туындауы мүмкін, егер Комиссия мүшесі:
- қаралып жатқан зерттеудің зерттеушісі немесе қосалқы зерттеушісі болып табылса;
 - зерттеуді қаржыландыруға қатысса;
 - зерттеушімен қызметтік тәуелділікте болса;
 - зерттеу нәтижелеріне жеке мүдделі болса.

5. Мүдделер қақтығысын жариялау

- 5.1. Комиссия мүшелері мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы Комиссия төрағасына уақтылы хабарлауға міндетті.
- 5.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда Комиссия мүшесі:
- тиісті зерттеуді талқылауға қатыспайды;
 - осы мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды.
- 5.3. Мүдделер қақтығысының бар екендігі Комиссия отырысының хаттамасында тіркеледі.

6. Сарапшылардағы мүдделер қақтығысы

- 6.1. Комиссия тартатын тәуелсіз сарапшылар сараптама басталғанға дейін мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлауға міндетті.
- 6.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда сарапшы тиісті зерттеуді қарауға тартылмайды.



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-03 Ақпараттың құпиялылығын сақтау және мүдделер қақтығысының алдын алу
1.0 нұсқа | 4 / 4 бет

7. Талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік

7.1. Құпиялылық талаптарын және мүдделер қақтығысының алдын алу талаптарын бұзу жағдайлары Комиссияда қаралады.

7.2. Бұзушылық анықталған жағдайда Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдауы мүмкін:

- ескерту жасау;
- тұлғаны Комиссия құрамынан шығару;
- сарапшыны Комиссия жұмысына тартуды тоқтату.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы SOP талаптарының сақталуын бақылауды Комиссия төрағасы жүзеге асырады.

8.2. Комиссия хатшысы құпиялылық және мүдделер қақтығысына қатысты құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

8.3. Осы SOP институт басшысының бұйрығымен күшіне енгізіледі.